

Список литературы:

1. Руководство для учителя. ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016 г. – 135, -184 с.
2. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. «Критическое мышление: технология развития: Пособие для учителя» /– СПб: Альянс «Дельта», 2003 г. -121 с.
3. Рудик Г.А. Культура умственного труда или 101 техника учения. Пособие для учащихся, студентов, педагогов и для всех тех, кто обучается на протяжении всей жизни. г. Костанай, 2010 ж.
4. Матвеева И. В. Некоторые приемы развития критического мышления на уроках биологии.
<https://doc4web.ru/biologiya/master-klass-nekotorie-priemi-razvitiya-kriticheskogo-mishleniya.html>.
5. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году. 2017. – 138 с.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДАҒЫ ПЕДАГОГТІҢ РӨЛІ

Бекмурзина Токслу Акатаевна
Тусенова Раушан Куантаевна
М.Сералин атындағы орта мектеп
Қарабалық к.

Аннотация

Авторлар берілген мақалада Қазақстан Республикасындағы бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырған білім берудің жаңартылған бағдарламасы және оның болашақ ұрпақтың білім алуындағы алатын орны туралы нақты баяндайды. Бұл үдеріс педагогикалық теория мен практикада түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас іздемпаздығымен шығармашылық жемісін талап етеді.

Аннотация

В данной статье авторами подробно излагается материал об обновленном содержании образования, которое на сегодняшний день является в республике Казахстан приоритетом и сегодня очень востребовано и актуально для обучения будущего поколения. Процесс этот сопровождается коренными изменениями в педагогической теории и практике. Особое внимание уделяется неоспоримо важной роли педагога в обновленном образовании, которое требует от педагогов всестороннего и глубокого знания этого вопроса.

Abstract

In this article, the authors describes in detail the material about the updated content of education, which today is a priority in the Republic of Kazakhstan, and today it is very in demand and relevant for the training of the future generation. This process is accompanied by fundamental changes in the pedagogical theory and practice. Particular attention is paid to the irrefutably important role of the educator in the updated education, which requires teachers to fully and in-depth knowledge of this issue.

Түйінді сөздер: жаңаша көзқарас, әлемдік деңгейде, критерийлік бағалау, жаңартылған білім, құзыреттілік, өмірмен байланыс, шиыршықты принципі, функционалдық сауаттылық.

Ключевые слова: новый взгляд, мировой уровень, критериальное оценивание, обновленное образование, компетентность, связь с жизнью, принцип спиральности, функциональная грамотность.

Keywords: new look, world level, criterial assessment, updated education, competence, connection with life, spiral training, functional literacy.

Еліміздің 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделін қалыптастыра отырып, Қазақстан елінің білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипаттауға болады. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Мемлекет болашағының кепілі жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі.

Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Сол себепті де біздің қоғамның алдындағы басты міндеттердің ең өзектісі - бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, болашақ ұрпаққа сапалы білім беруге жағдай жасайтын, олардың үйлесімді дамуына, жеке бастарының тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі бағдарлама, жаңа үлгідегі мектеп құрылуы тиіс. Білім беру мазмұныны ізгілендіру, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі, жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде.

Әлемдік деңгейде білім берудің қазіргі талабы оқытудың нәтижеге бағдарланып, оқушының жеке тұлғасына бағытталуы, ал оқыту әдістерін тұлғалық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Оқушы білімді дайын күйінде, ұстаздың түсіндіргенінен алмай, өзінің күнделікті өмірдегі алған тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық, шығармашылық бағытта берілген тапсырмаларды орындау барысында алған білімінің негізінде әртүрлі өнімдер жасап шығаруы тиіс.

Осының нәтижесінде оқушы дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен әртүрлі жағдаяттарға байланысты көзқарасы қалыптасады. Жалпы білім беретін мектептер алдағы уақытта ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай еңбек етуі қажет.

Осы бағытта жұмыс жасау үшін әр ұстаз жаңартылған бағдарлама негіздері мен оның ерекшеліктерімен тереңірек түсініп, оны өз тәжірибесіне енгізу мақсатында арнайы Қазақстан Республикасында орта білім мазмұныны жаңарту шеңберінде мектептердегі барлық пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім бағдарламасы бойынша оқыту курстарынан өтуде.

Курсқа барған әр ұстаз түрлі ой, түрлі көзқарас, көптеген сұрақтармен баратындығын айта кеткен жөн. Ең алғашқы сабақтардан ұстаздар білуге тиіс негізгі үш құжатпен танысады: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, критерийлік бағалауға арналған басшылық. Осы үш құжатты бір-бірімен байланыстыратын нәрсе – оқу мақсаттары. Оны білудің қандай артықшылығы бар? Сабақты жоспарлау кезінде мұғалім осы құжаттарды қолдануы және қай құжаттан нені басшылыққа алатынын анықтай алуы үйренеді. Сондықтан курс барысында осы құжаттарымен жұмыс жиі оралып отыру қарастырылған. Бағдарманың тағы бір артықшылығы – әр пәннің ерекшелігінің ескерілуі. Сол себепті бағдарманың оқу-әдістемелік кешенінде бастауыш сыныпта оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер, белсенді оқу, тілдесу арқылы қарым-қатынас жасау дағдылары, мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым және жазылым, ойлау дағдыларын қалыптастыру, оқытудың маңыздылығы, оқушыларды уәждеу, зерттеуге негізделген оқу, белсенді оқудағы мұғалімнің рөлі, тиімді кері байланыс ұсыну, критерийлік бағалау және жоспарлауға дейін негізгі мәселелер қамтылған. Бағдарламаның тағы да бір басты ерекшелігі білім мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалдық сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдануды көздейді. Дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да әлемдегі дамыған елдер сияқты тәуелсіз елімізде білім беру жүйесінің сапасын жетілдіру ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби

шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтармен озық тәжірибені меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскерлі және қабілетті болуына баулу. Әлемдік стандарттар негізінде көкейге түйгеніміз алдымызға мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті іргесі мықты ел боламыз.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде, ұстаздардың біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Шет елдік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану күзиреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критерийлік бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4. Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критерийлік бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім бағдарламасы спиральді қағидатпен берілгені айтылған болатын. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критерийлік бағалау жүйесіне өтті. Критерийлік бағалау кезеңде оқушылардың үлгірімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығына тоқтайтын болсақ, баланың ойлау қабілеті дамып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытумен оқу үдерісін ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушыларымен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптан және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу

мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында бір бірімен тығыз байланысты. Олар жыл бойына бір неше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады. Сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Бағдарламаның мәні баланың функцияналдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білу керек. Сол үшінде бұл бағдарламаның негізі «Өмір мен байланыс» ұғымына құрылған деген ойды тағыда қайталап айтамыз. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» деп жерлес ғұлама қайраткеріміз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, білім беру мәселесі жаңа қоғам мүддесіне сай болуы керек.

Пәндерді оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп, меңгеруде оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, өз бетінше ойлауға, ізденуге нәтижеге жетуге дағдыландырады. Сондықтан әр сабақты жоспарлауда мұғалім бағыттауыш, ал оқушы білімді өз бетінше іздеуші рөлін атқарса, білім теорияға негізделмей практикалық бағытта жүрсе құзіреттіліктерінің кеңеюіне зор ықпал етеді.

Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асатын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Мұғалімнің құзыреттілігі – оның шығармашылық жұмысынан көрінеді. Оқушының білім алудағы жоғары белсенділігін қалыптастыру үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс қолдану – олардың функциялық сауаттылығын дамытудың ең басты құралы болып табылады.

Қазіргі пән мұғалімдердің негізгі міндеті – білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни, инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас іздемпаздығымен шығармашылық жемісін талап етеді.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілісе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Осыған орай кез келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Қазіргі білім берудің міндеті – әлемнің жаңа бейнесін қалыптастыру адамның шығармашылық бастауын дамыту арқылы тұлғаның ішкі жан-дүниесін кеңейту. Егер біздің жастарымыз сауатты, білімді, мәдениетті болса, онда біздің қоғамның да болашағы жарқын болары сөзсіз.

Әрине, жаңа бастаманың қашанда қиындығы мен қызығы да болады. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу – әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып, жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенеміз.

Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Ал оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дамыту үшін мұғалімдер қауымы тынымсыз еңбектенуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақпараттық-әдістемелік журнал «Педагогикалық диалог» – Педагогикалық шеберлік орталығы NIS. Астана. 2015 ж. -153 с.
2. «Білімді ел» газета, 2017. № 27
3. Статъя «Обновление содержания образования – веление времени».bilimainasy.kz

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бекмухамбетова Рыскүл Қаиркенқызы
Кужахметова Анар Қасымжомартқызы.
Утесова Гулжан Көшербайқызы
Рахметова Гулнар Каиырқанқызы
№2 Аманқарағай орта мектебінің мұғалімдері
Әуликөл ауданы

Аннотация

Бұл мақалада еліміздегі білім беру бағытын жаңартып, жаңаша көзқарас қалыптастырып, білім деңгейін биікке көтермелеу. Білім сапасын арттыруға бағытталған білім беру мазмұнын жаңартудағы жаңа талаптар қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматриваются направления обновления образования в стране, формирует новые взгляды, уровень образования на новую высоту поощрения. В обновлении содержания образования рассматриваются новые требования, направленные на повышение качества образования.

Abstract

Relevance. Goal. The article considers the directions of changes in education in the country, creates new views, the level of education to new heights of promotion. In updating the content of education, discusses the new requirements aimed at improving the quality of education.

Түйінді сөздер: жаңа бағыт, жаңартылған білім, критериялды бағалау, жаңа технологиялар.

Ключевые слова: новое направление, обновленное образование, критериальное оценивание, новые технологии.

Keywords: new direction, new education, criteria-based assessment, new technologies.

Қазіргі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бастау алды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елу елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін - білім» екендігін халыққа жолдаған әр Жолдауындағы басты назардағы мәселе ретінде «Еліміздің ертеңгі болашағы – ұстаздардың қолында» - деп ел ұстаздарына сенім артты. Осы сенімге жету, яғни өркениетті елдер қатарынан көріну үшін, заман талабына сай білім қажет екені белгілі. Сондықтан еліміз әлемдік үрдістер қатарынан көрінуге бет бұрды [1].

«Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама [2].

Қай елдің болсын өсіп - өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән - мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Әрбір